

Баспасөз хабарламасы*Нұр-Сұлтан қ., 3 желтоқсан 2019 жыл***«ҚазТрансОйл» АҚ «Өзен-Атырау-Самара» мұнайқұбырының 1235 шқ қабылдау-тапсыру пунктiнiң мұнай сапасының көлемi мен көрсеткiштерiн өлшеу жүйесiн пайдалануға бергенi туралы хабарлайды**

2019 жылдың 1 желтоқсанынан бастап Қазақстанның аумағында орналасқан «Өзен-Атырау-Самара» мұнайқұбырының 1235 шқ қабылдау-тапсыру пунктiнiң (ҚТП) мұнай сапасының көлемi мен көрсеткiштерiн өлшеу жүйесi (МПККӨ) бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ «Өзен-Атырау-Самара» магистральдi мұнайқұбыры арқылы экспортқа тасымалданатын қазақстандық мұнайдың коммерциялық есебi басталды. Осыған дейiн есептiк операциялар «Транснефть» ЖАҚ тиесiлi «Самара» ҚТП (РФ) орналасқан МПККӨ арқылы жүргiзiлдi. Осы арқылы екi мұнай көлiгi компаниялары совет үкiме кезеңiнен келе жатқан күрделi мәселенi шештi.

Экспортқа тасымалданатын қазақстандық мұнайдың коммерциялық есебiн жүргiзетiн құралдың елiмiзден тыс орналасуы қазақстандық кеден органдарының жұмыстарын бiршама қиындатты. ҚР Кедендiк реттеу туралы Кодексiне сай Еуразиялық экономикалық одақтың кедендiк аумағынан әкетiлетiн, құбыржол көлiгiмен өткiзiлетiн тауарларды кедендiк декларациялау кезiнде жөнелтушi ел есепке алу аспаптарының көрсеткiштерiн пайдалануы тиiс. Қазақстан аумағында МПККӨ құрылысы мен iске қосуының арқасында тасымалданатын қазақстандық мұнайдың кедендiк бақылауы қамтамасыз етiлдi, соған қоса ҚР/РФ шекарасның аумағынан «Самара» ҚТП дейiн «Транснефть» ЖАҚ магистральды мұнай құбыры жүйесiнде орын алуы мүмкiн шығындарды жоюға мүмкiндiк бердi.

«Қазақстан аумағында «Өзен – Атырау – Самара» мұнайқұбырының 1235 шқ ҚТП МПККӨ құрылысы мен iске қосылуы «ҚазТрансОйл» АҚ және «Транснефть» ЖАҚ бұрынан жалғасып келе жатқан берiк серiктестiктiң арқасында, сондай-ақ қазақстанды және ресейлiк кеден қызметтерiнiң белсендi әрекеттерiнiң нәтижесiнде қол жеткiзiлдi. ҚТП «адамсыз технология» бойынша жоспарланып, жүзеге асты. ҚТП құрал-жабдықтары 85 шқ қашықтықта орналасқан «Үлкен Шаған» мұнай айдау станциясынан динстанциялық түрде бақыланып, басқарылады», - деп атап өттi «ҚазТрансОйл» АҚ Димаш Досанов.

«Үлкен Шаған» МАС тасымалданатын мұнайдың сапасын анықтау үшiн химико-сараптамалық зертхана салынды. «Транснефть» ЖАҚ өкiлдерi үшiн химиялық талдау лаборанты мен тауарлық операторы сынды жұмыс орындары жеке ұйымдастырылды.

МПККӨ 2017 жылдың 12 қаңтарында Қазақстан Республикасының өлшемдердің бірлігін саптамасыз ету мемлекеттік жүйенің реестріне енгізілді.

Анықтама

«ҚазТрансОйл» АҚ - магистральдық мұнай құбыры бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық операторы. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км құрайтын магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие болып келеді. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың өндірістік объектілері Шымкент, Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс және
ішкі коммуникациялар департаменті**